

"Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 1379 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 893 бұйрығы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 1379 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9999 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі 28.01.2015 ж. жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Кадр қызметі департаменті:

1) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмелерін Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментіне мәлімет үшін жолдауды;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарда және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев